14. Kachalov N.A. Osobennosti ispol`zovaniya autentichny`x videodokumentov v obuchenii inostrannomu yazy`ku [Features of using authentic video documents in teaching a foreign language], Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta [Bulletin of the Tomsk State University], 291, 221–227 (2016).
15. Hofmann H. Zur Integration von literarischen Texten in einem kommunikativen Sprachunterricht. In: Authentische Texte im DU, Hueber Verlag, München, 2015, 200 p.
16. Nosonovich E.V. Mil`rud G.P. Kriterii soderzhatel`noj autentichnosti uchebnogo teksta [Criteria for the content authenticity of the educational text], Inostranny`e yazy`ki v shkole [Foreign languages at school], 2, 10–14 (2018).
17. Harmer J. How to teach English. Pearson, 6 th impression, 2015, 146 p.
18. Scarcella R.C., Oxford R. L. The Tapestry of Language Learning. The Individual in the Communicative Classroom (Oxford R. L., Boston, 2012, 228 p.).
19. Breen M.P. Authenticity in the Classroom, Applied Linguistics, 6/1, 60–70 (2017).
20. Widdowson, H. G. Aspects of language teaching (Oxford University Press, Oxford, 2010, 36 p.).

Г.С. Сабантаева

ПАК «Павлодар педагогикалық университеті», Павлодар, Қазақстан

## Аутентикалық материалдар негізінде студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыру

**Аннотация.** Мақала аутентикалық материалдар негізінде студенттерде тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың өзекті мәселелеріне арналған. Отандық және шетелдік ғалымдардың түрлі тұжырымдарлары түргысынан «тілдік құзыреттілік» ұғымы егжей-тегжейі сипатталған, студенттерде тілдік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша оқыту процесін жүзеге асырудың маңызды болігі болып табылатын әдіснамалық тәсілдің ерекшеліктері айқындалған. Аутентикалық материалдардың ерекшеліктері мен түсінігі, олардың мақсаты және білім беру процесінде қолданылуы сипатталған. Мақалада нақты қарым-қатынас жағдайында аутентификациялық мәтіндерді қолданудың негізгі өлшемдері сипатталған.

Әр түрлі жаттыгуларды қолдану мүмкіндіктері сипатталған, олардың көмегімен студенттердің тілдік құзіреттілігінің қалыптасуы тексеріледі. Шет тілін оқытуудың мазмұндық, ұйымдастырушылық және жеке аспектілерінің шет тілді ортада шет тілін қолданудың табиғи тәсіліне сәйкестігі ретінде оқу процесінің сипаты ретінде дәлме-дәлдігі анықталды. Сонымен қатар, аутентикалық және аутентикалық емес материалдардың негізгі айырмашылықтары анықталды, соның негізінде оқыту қуралы ретінде аутентикалық материалдарды пайдаланудың бірқатар артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды, осының негізінде аутентикалық және аутентикалық емес материалдардың негізгі айырмашылықтары оларды жасау, бағыттау, тілдік мазмұн және дереккөздерде көрініс табады дег анықталды.

**Түйінді сөздер:** тілдік құзыреттілік, аутентикалық материалдар, мәтіннің бейімделуі, мәдениеттілік, тілдік материал, аудиоматериалдар, бейнематериалдар.

G.S. Sabantaeva

Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

## Formation of intercultural communicative competence in the process of teaching authentic texts

**Abstract.** The article focuses on the relevant issues of language competence formation among students on the basis of authentic materials. The article considers a concept of «language competence» in detail from the point of view of different concepts of domestic and foreign scientists. The article defines features of the methodological approach that is an important part of the implementation of the learning process for the formation of language competence in students. The author describes the features and concept of authentic materials, their purpose and use in the educational process. The article describes the main criteria for using authentic texts in a real communication situation.

The article describes the possibilities of using various exercises to check the formation of students' language competence. Authenticity is defined as a property of the educational process, as the correspondence of content, organizational and individual aspects of teaching a foreign language to the natural way of functioning of a foreign language in a foreign-language society. The author also identified the main differences between authentic and inauthentic materials, which revealed a number of advantages and disadvantages of using authentic materials as a means of learning. It was determined that the main differences between authentic and inauthentic materials are manifested in the purpose of their creation, orientation, language content and sources.

**Keywords:** language competence, authentic materials, text adaptation, cultural similarity, language material, audio materials, video materials.

### Сведения об авторе:

Сабантаева Г.С. – магистрант 2 курса по специальности «Иностранный язык: два иностранных языка. Педагогическое направление», Павлодарский государственный педагогический университет, Павлодар, Казахстан.

Sabantayeva G.S. – The 2nd year master student in Foreign Language: Two Foreign Languages, Pedagogical direction, Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

Г.З. Тажитова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр - Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: gulzhahan@mail.ru)

## Жоғары білім және аймақтық мәдениет

---

**Аннотация.** Мақалада жоғары білім мен аймақтық мәдениеттің өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылған. Казіргі жоғары білім беру саласындағы аймақтық мәдениеттің алатын орны айқындалып, маңыздылығы атап көрсетілген. Аймақ, аймақтық мәдениет ұғымдарының мәні түсіндіріліп, олардың жоғары білім саласындағы қажеттіліктері, маңыздылығы және алатын орны айқындалған. Аймақтық мәдениет - бұл ұзақ тарихы бар ортамен өзара әрекеттесу түсінігі. Аймақтық білім күнделікті өмірдің негізгі аспекттері бойынша шешім қабылдауга негіз болады. Сондықтан бұл білім берудің ажырамас болған табылады. Аймақтық мәдениет ресурстарды пайдалану тәжірибесі, әлеуметтік өзара іс-қимыл, үрпақтан-үрпаққа өзгермейтін түрде берілетін даналықтың жиынтығы рептінде ұсынылады. Мақалада мәдениет, аймақтық мәдениет төңірегінде жазылған Отандық және шетелдік галымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, зерттеу тақырыбының алғышарттары баяндалған. Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім алушыларының ағылышын тілін оқу үдерісінде аймақтық мәдени материалдарды пайдалануға қатысын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында алынған деректер өңдеуден өткізіліп, нәтижелері талқыланады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер неізінде жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде аймақтық мәдени материалдарды қолдану маселесі бойынша ұсыныстар беріліп, тұжырымдамалар жасалды.

**Түйінді сөздер:** ЖОО, аймақ, құндылық, этнопедагогика, оқу үдерісі, аймақтық мәдени материалдар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-182-190>

Тұсті: 27.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.01.21

---

### Kіріспе

Казіргі жаһандану заманында әлем үлкен өзгерістер үстінде. Жаңа технологиялар мен инновациялар енгізілуде, экономиканың барлық салалары сандық үлгіге көшуде, адам ресурстарының ұтқырлығы өсуде. Мұндай жағдайда білім мен ғылым үлкен рөл атқаруы керек. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Болашакта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін

заман талабына сай білім қажет[1]. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, төрөзесін тең ететін – білім» деп, осы мақсатқа жету үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін көтеруді алға тартқан.

Осы орайда, білім беру саясатына, әсіресе жоғары білім беру жүйесіне көп көңіл бөлу қажет, себебі жоғары білім елдің экономикалық, мәдени, тарихи, саяси дамуына себеп болатын мамандарды дайындастын негіз болып табылады. Жоғары білімнің сапалы бо-

луы елдің табысты мемлекетке айналуының кілті. Соңдықтан университет қабырғасынан шыққан әрбір маман елдің, өзі туып өсken аймақтың үздіксіз дамуына және табиғатын құрметтеп, ұқыпты қарауға, тарихты, мәдениетті және ұлттық құндылықтарды қастерлейтін белсенді азамат болуы керек.

Осы тұрғыда «аймак» деп отырғанымыз қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде төңірек, атырап, айнала, маңай деген мағыналарды білдіреді [2].. «Аймак» өмірдің әртүрлі салаларында экономика, саясат, әлеуметтану, тарих, мәдениеттану, білім және т.б. салаларда кеңінен қолданылады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, «аймак» бірлескен шаруашылықтары бар және басқару құрылымдарымен біріктірілген әртүрлі өндірістік жүйелердің үйлесімі. Ол ортақ тарихы, белгілі бір мәдениет деңгейі бар экономикалық аймак.

Саясаттануда «аймак» белгілі бір ел немесе бірнеше елдердің аумағының географиялық факторын білдіреді. Мемлекеттік басқару аймақтық құқықтары мен міндеттері заңдармен бекітілген субъект ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтану саласында «аймак» ұғымы қоғамның әлеуметтік құрылымын, әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды, әлеуметтік институттар мен үдерістерді аймақтық ұйымдастыру нысаны ретінде қарастырылады.

Мәдениеттану саласына келетін болсақ, қоғамдық өмірдің және тарихи дамудың жалпы негізін құрайтын біртұтас физикалық орта және біртекtes экономикасы арқылы белгілі бір «ландшафтқа» кіретін арнайы мәдени форма. Осылайша, «аймак» ұғымының түрлі салаларда қолданылатынын тілге тиек ете отырып, мақаламызда белгілі бір аймақтың мәдениетінің жоғары біліммен байланысын қарастырамыз.

### Мәселенің қойылымы

Жоғары білім беруде аймақтық мәдениет мәселелері түрлі аспектілер негізінде зерттелді. Алайда, жоғары білімнің оку бағдарламаларында аймақтық мәдениетті зерттеу және оқыту мәселесі біржакты көзқараспен шекте-

леді. Жоғары білім беруде аймақтық мәдениет мәселесі бойынша теориялық жұмыстарды талдау «аймак мәдениеті» деген ұғымының «көркем мәдениет» ұғымы ретінде түсінілгенін көрсетеді. Білім беру бағдарламаларында мәдениет тарихы жалпы өнер тарихы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, аймақ мәдениеті бір ғана жанр тұрғысынан талданған, мысалы: сәулет, әдебиет және т. б. Кез келген елдің мәдениеті белгілі бір аймақта болып жатқан мәдени үдерістерден тұратыны барлығының белгілі, ал қоғам өмірі мәдени құбылыстармен анықталады, оларға кез-келген елді мекеннің музикалық және театр мәдениеті, дәстүрлөрі, мерекелері, көрнекті тұлғалары және т.б. жатады. Аймақтық мәдениет қоғамның өмір сүруі мен дамуының барлық аспектілерін сипаттайды, олай болса аймақты дамытуда жоғары білім берудің ерекше орнын ескере отырып, оку бағдарламаларының мазмұнына белгілі бір аймақтың мәдениеті жайында материалдарды енгізу қажет деп санаймыз.

### Әдебиеттерге шолу

Бұғінгі таңда ғылыми әдебиеттерде «мәдениет» ұғымының әртүрлі түсіндірмелерін таба аламыз. Атап айтқанда, ғалым М. Лиза «мәдениет» түсінігін кең мағынада қарастырып, «Мәдениет адамдар арасындағы қарым-қатынас, өзара әрекеттесу тәсілдері, құндылықтардың, тәжірибелер мен қалыптасқан әдет-ғұрыптардың, нанымдардың, мінез-құлықтың, іс-әрекеттердің біріктірілген моделі болып табылады, мәдениет адамдардың жалпы өмір салты» екенін айтады [3].

Ғалымдар Г. Васянович пен В.Онищенко мәдениетті «адам өмірінің мәнін, мазмұнын түсінуге деген ұмтылыш арқылы адамның шығармашылық өзін-өзі тануының өмбебап тәсілі» деп түсіндіреді [4]. Зерттеуші М. Семчишин мәдениет «ұлттық дүниетанымды, халық өмірінің түрлі аспектілерін, атап айтсақ эстетикалық, көркемдік, діни, әдеби, әлеуметтік және т.б. бейнелейді» деп сипаттайды [5]. Біз атап ғана зерттеушілердің пікірлерімен келісеміз, себебі мәдениет адамдарды шабыт-

тандырады және оларды қоғаммен байланыстырады деген ойдамыз.

Аймақтық мәдениет ұғымы қазіргі әлемде-гі жаһандану және аймақтану түсініктерімен байланысты. Алғашында ол белгілі бір тарихи-географиялық ортада (әртүрлі елдерде, әртүрлі континенттерде) тұратын жергілікті қауымдастық болды. Фасырлар тоғысында аймақтардың дамуымен, этностардың өз мәдениетін сақтауымен, өзін-өзі қамтамасыз ететін аумақтық құрылымдардың пайда болуымен «аймақтық мәдениет» ұғымы бір елдің немесе белгілі бір аймақ аясында қарастырыла бастады.

Жоғары білім саласында аймақтық мәдениетті зерттеу арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бұл бағытта зерделенген диссертациялық жұмыстардан байқағанымыз, олар білім алушылардың этнопедагогикалық дайындығына көп көңіл бөлгөн. А. В. Спиридовтың пікірінше, «аймақтық мәдениет» ұғымы «этнос», «этникалық мәдениет» ұғымдарымен генетикалық байланыста, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар. Зерттеуші табиғи, географиялық, тарихи жағдайларға көңіл бөліп, этникалық мәдениеттің мазмұнын анықтайтын факторларға назар аударады. «Аймақтық мәдениет - белгілі бір аймақтың мәдени қасиеттері мен белгілерінің қозғалмалы жиынтығы, оның өмір сүру жағдайлары өзгерген сайын, ол да өзгеріп отырады» деген [6]. А.В. Любичанковскийдің пікірінше «Аймақтық мәдениет белгілі бір аймақта тұратын халықтың сана-сымен байланысты» деген [7].

Зерттеуіміздің негізгі ұғымдары тәнірегінде Қазақстанда зерделенген ғылыми еңбектер этномәдени бағытпен байланысты. Осы тұрғыда ғалымдар Ускенбаева С.Т., Шалгинаева С.Х зерттеулер жүргізіп, диссертациялық жұмыстар жазған. Ускенбаева С.Т. өз еңбегін білім алушылардың этномәдени мұдделерін қалыптастыруға арнаса [8], Шалгинаева С.Х. Алматы және Тараз қалаларындағы қазақтардың әлеуметтік-мәдени келбеті мен әдет-ғұрпын зерделеген [9]. Аталған ғалымдардың еңбектерінің біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы олардың этномәдениет саласына арналуында және ұлттық болмысты

сақтаудың, құрметтеудің қажеттілігіне бағытталуында.

Аймақтық мәдениеттің өз алдына дербес ғылым болуы мүмкін емес, сондықтан аймақтың құндылықтары мен рухани мұрасын зерттеу интегративті тәсіл арқылы жүзеге асады. Сондықтан аталған ұғымды мәдениеттану тұрғысынан қарастыруға болады. Осы тұрғыда ғалым И.К. Чиркова аймақтық мәдениетті білім беру үдерісінде жүзеге асырудың екі тәсілін қарастырады[10]:

1) ресми деңгейде, жергілікті педагогтардың қалауы бойынша оқу үдерісіне блоктар немесе элементтер ретінде енгізу. Бұл кез келген оқу пәніне, оны зерделеуге арналған сағаттардың кеңейтуге немесе қысқартуға, тақырыптардың пропорциясына және т. б. қатысты болуы мүмкін;

2) мазмұндық деңгейде, оқу бағдарлама-рының құрылымына жүйелі түрде аймақтық мәдениеттің материалдарын енгізу.

Елімізде бірқатар ғалымдар тұрлі пәндер бойынша аймақтық мәдениетті оқу үдерісіне енгізуіндік қажеттіліктері туралы еңбектер жазып, дәлелдеген. Атап айтсақ, ғалымдар Ка-пышев А.К. тұрлі пәндер бойынша жоғары білім саласында аймақтық жоғары мектепті дамыту жайында [11], Жолдасбеков А.А. аймақтық ЖОО туризм саласының мамандарын даярлау жайында [12], Темиров К.У. білім алушылардың экологиялық білімінде аймақтық компонентті жүзеге асырудың шарттарына [13], Курманаева Д.К. аймақтық материал негізінде тілдік емес мамандықтардың білім алушыларына шетел тілін оқытудың мазмұнын жетілдіру (Жезқазған аймағы мысалында) [14], Ермекбаева А.Т. педагогикалық университеттегі бакалавр-биологтарды әдістемелік даярлауда және пән мазмұны құрылымындағы аймақтық компонентке арналған [15] ғылыми еңбектер жазған.

Аймақтық мәдениетті жүзеге асырудың жоғары білімнің орны туралы ғалым В.Стрельцова «Жоғары оқу орнының мәдени — білім беру ортасы - бұл білім беру мекемесінде білім алушылардың мәдени қалыптасу және даму үрдісіне әсер ететін оқытушылар жасайтын тұрлі жағдайлардың жиынтығы

(материалдық, ұйымдастыруышылық - басқарушылық, психологиялық - педагогикалық, ақпараттық, коммуникативтік, адамгершілік, инновациялық және т.б.) десе[16], зерттеуші А.Масуренко «Жоғары оку орнының мәдени - білім беру ортасы - барлық пәндердің әлеуметтік серіктестік жүйесіне қатысуға мүмкіндік беретін білім беру, тәрбие беру, дамыту және мәдени-шығармашылық қатынастардың жиынтығы» деген[17]. Осылайша, менгерілетін білімнің құндылық қасиеттерін қалыптастыру үшін қолайлар жағдайлар жасаудеп, аймақтық мәдениетті дамытудағы жоғары оку орнының маңызын атап көрсеткен.

### Зерттеу әдістері


Зерттеуіздің эмпирикалық бөлігін педагогикалық мамандықтардың білім алушыларымен сауланама арқылы өткіздік. Сауланама білім алушылардың ағылшын тілін аймақтық мәдениет арқылы үйренуге қатысы жайында жүргізілді. Сауланамызға жастары 17 - 20 аралығындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің, Қожа Ахмет Яссави атындағы Қазақ - Түрік университетінің, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Педагогика», «Биология», «Химия», «Математика», «Шет тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының 108 білім алушылары қатысты. Сауланаманың маңызы – білім алушылардың ағылшын тілін оку үдерісінде аймақтық мәдениеттің материалдарын пайдалану туралы пікірін анықтау болды. Сауланама 20 ашық және жабық сұрақтардан тұрды. Сауланамада білім алушылар туралы жеке ақпарат, олардың ағылшын тілін менгеру деңгейі, Қазақстанның қай бөлігінен екендіктері, ағылшын тілін оку себептері, ағылшын тілін қандай материалдар арқылы оқығанды қалайтындықтары, аймақтық мәдениетке байланысты жеке пікірлерін қамтитын сұрақтар берілді.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, сауланамаға қатысқан білім алушылар ағылшын тілін 18 бастапқы, 19 элементарлық, 46 орта, 13 жалғастыруши, және 12 жоғары деңгейде менгерген. Бұл білім алушылардың ағылшын тілін менгеруінің басым көпшілігінің орта деңгейде екендігін көрсетеді. «Ағылшын тіліндеңі дағдыларының қалай бағалар едіңіз?» деген сұраққа сауланамаға қатысқан 108 білім алушының 29 оку дағдысын «өте жақсы», 1 білім алушы «өте нашар», тындау дағдысын 12 «өте жақсы», 1 білім алушы «өте нашар»,

### Кесте 1

Білім алушылардың ағылшын тілін оку себептері



24 білім алушы жазу дағдысын «өте жақсы», 2 «өте нашар», жалпы ағылшынша сөйлеу қабілеті 8 «өте жақсы», 6 «өте нашар», шетелдіктермен ағылшынша сөйлесудегі мәдени күзіреттілік 5 «өте жақсы», 13 «өте нашар» деп бағалаған.

Біздің назарымызды ерекше аударған білім алушылардың ағылшын тілін үйрену себептері болды. Білім алушылардың 76 % тілді жақсы жұмыс табу мүмкіндіктері үшін үйреніп жүргендіктерін көрсеткен. Нәтижелер 1 кестеде берілген.

Келесі кезекте «Ағылшын тілін қандай материалдар арқылы үйренген маңызды деп ойлайсыз?» және «Ағылшын тілін үйренуде қандай контентті пайдалы деп есептейсіз» деген сұрақтар болды. Бірінші сұраққа білім алушылардың 60% оқулықтар арқылы деп жауап берсе, екінші сұраққа білім алушылардың 58% жергілікті және халықаралық контент деп жауап берген. Бұл көрсеткіш білім алушылардың басым көшпілігінің ағылшын тілін үйренуде жергілікті материалдар мен тілін үйреніп жатқан елдер туралы материалдарды қалайтындықтарын көрсетеді.

«Аймақтық мәдени материалдар арқылы ағылшын тілін үйренуге қалай қарайсыз?» деген сұраққа білім алушылардың 53 % бұл «өте жақсы ой», 12 % «өтетін тақырыпқа байланысты», 46 % «қарсы емеспін» деп жауап берген. «Аймақтық мәдени материалдар

сіздің оку үдерісінізге қалай әсер етеді?» деген сұрақтың жауаптары біздің қызығушылығымызды туғызды. Нәтижелер 2 кестеде берілген.

Берілген кестеден байқағанымыз, білім алушылар көбінде аймақтық мәдени материалдарды қолданудың тек пайдалы жақтарын белгілеген. Дегенмен, білім алушылардың 6 % «бұл менің оқуыма еш әсер етпейді» деген жауапты таңдаған, бұдан кейбір білім алушылардың аймақтық мәдени материалдардың маңызын түсінбейтіндігін бақылаймыз.

Келесі «Аймақтық мәдени материалдарды пайдалану сіздің білімінізге, ағылшын тілін білуге және жеке тұлғаңызды дамытуға қашалықты ықпал етеді?» деген сұраққа білім алушылардың көбі «аймақтық мәдени білімді кеңейтеді, жергілікті құндылықтарды түсіну мен құрметтеуге баулиды, берілген тапсырманы анықтауға, зерттеуге және орындауға жол ашады» деп жауап берген.

## Ұсыныстар

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары оку орындарының оку үдерісінде аймақтық мәдени материалдарды қолдану бағытында ұсыныстар беруге мүмкіндік жасайды.

1. ЖОО білім берудің мәдени тұғыры неғізінде оку үдерісінде аймақтық мәдени материалдарды енгізу;

## Кесте 2

Білім алушылардың аймақтық мәдени материалдарға қатысы



2. Түрлі пәндердің оку үдерісінде аймақтық мәдени материалдарды қамтитын оку бағдарламалары мен интеграцияланған курстар құрастыру;

3. Мәдени тұғырды жүзеге асыру мақсатында оқытушы мен білім алушының өзін - өзі жетілдіруіне қолайлы жағдайлар жасау, сабак тақырыбы мен мәселесіне еркіндік беру және бұл бағыттың үнемі орын алуы шарт емес;

4. ЖОО аймақтық мәдениетті белгілі бір аумақтағы адамдар өмірінің ерекшеліктерін көрсету ғана емес, сонымен қатар өзінің логикасы мен заңдылықтары бар үдеріс ретінде түсіну.

## Қорытынды

Аймақтық мәдениет белгілі бір аймақта өмір сүретін білім алушы үшін аймақтың құндылығын түсініп, ұлтжандық сезімдерін дамытуға алғышарттар жасайды.

Жоғары оку орындарының оку үдерісіне аймақтық мәдениетті енгізу мәдени тұрақтылықтың орын алуына мүмкіндік береді, бұл болашақ маманың өзі тұган өнірінің тыныс тіршілігін білуіне, оның ерекшеліктерін түсінуіне, білім алудың ақпараттық саласының ұлғаюына, заманауи әлеуметтік мәдени кеңістікке еркін бейімделе алуына жол ашады.

## Әдебиеттер тізімі

- Назарбаев Н.Ә. Қазакстан халқына Жолдауы [Электрон.ресурс] – 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қаралған қуні: 10.12.2020).
- Жанұзаков Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2008. - 968 б.
- Lisa M., Vaughn L. Psychology and Culture. Thinking, Feeling and Behaving in a Global Context: Psychology Focus, 2010.- 268 р.
- Vasyanovych H.P., Onyshchenko V.D. Noology of personality: educational manual. Lviv: Spolom, 2007. -217 р.
- Semchyshyn M. Thousand years of the Ukrainian culture: Historical review of cultural process. The Second hand, Kiev, 1993.- 550 р.
- Спиридонова А.В. Региональная культура: диалектика локального и универсального: дис. на соискание канд. наук культурологии, Чита, 2007. - 187 с.
- Любичанковский А.В. Ментальные факторы культурного регионализма // Вестник ассоциации российских географов – обществоведов.-2018.-№7 – С. 161-172.
- Ускенбаева С.Т. Қазақстан студенттерінің этномәдени мұдделерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертация. - Барнаул. 2014. - 218 б.
- Шалгингбаева С.Х. Алматы және Тараз қалаларындағы қазақтардың әлеуметтік-мәдени келбеті мен әдет-тұрпы: п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы. 2002. – 196 б.
- Чиркова И.К. Внедрение регионального компонента в культурологическое образование студентов педагогического вуза: дис. канд. пед. наук. - Ярославль, 1997. - 205 б.
- Капышев А.К. Формирование и развитие региональной высшей школы в Центральном Казахстане в 30-60-е годы XX века: диссертация на соискание ученой степени к.и.н. - Алматы, 2002. - 197 с.
- Жолдасбеков А.А. Система подготовки туристических кадров в региональных вузах Республики Казахстан: диссертация на соискание ученой степени к.и.н. - Алматы, 2005. - 271 с.
- Темиров К.У. Педагогические условия реализации регионального компонента экологического образования студентов: диссертация на соискание ученой степени к.и.н. - Алматы, 2009. - 153 с.
- Курманаева Д.К. Совершенствование содержания обучения иностранному языку студентов неязыковых специальностей на основе регионального материала (на примере Жезказганского региона): диссертация на соискание ученой степени: - Бишкек, 2015. – 122 с.

15. Ермекбаева А.Т. Региональный компонент в структуре содержания предметной и методической подготовки бакалавров-биологов в педагогическом вузе: диссертация на соискание ученой степени. - Алматы, 2018. - 148 с.
16. Streltsova V. J. Social adaptation of students of the Institute of culture and arts to the terms of the cultural and educational environment: The abstract of thesis of the dissertation of the candidate of pedagogical sciences. - Yurinkom Inter, Kiev, 2007. - 22 p.
17. Mazurenko, A.V. Pedagogical terms of formation and the development of social qualities of youth in the cultural environment of the higher school: Dissertation of the candidate of pedagogical sciences. Rostov – on – Don, - 2006. - 183 p.

**G.Z. Tazhitova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Higher education and region – based culture**

**Abstract.** The article discusses issues of interaction between higher education and region-based culture. There have been identified both role and importance of the region – based culture in the field of modern higher education. The author explains an essence of the concepts of region and region - based culture and determines their needs in the field of higher education. Regional culture is the concept of interaction with an environment that has a long history. Regional education serves as the basis for decision-making on the main aspects of everyday life and therefore it is an integral part of education. Regional culture is presented as a combination of experience in the use of resources, social interaction, and wisdom passed down from generation to generation in an unchanged form. The article presents an overview of the scientific works of foreign and domestic scholars written around culture, region-based culture, and the prerequisites for the research topic. A survey was conducted with students of pedagogical specialties of higher educational institutions to determine the students' altitude in the introduction of the region-based cultural materials in the process of learning English. The data obtained during the survey were processed and the results were discussed. Based on the results obtained during the study, the author made recommendations and developed concepts in the direction of using region-based cultural materials in the educational process of higher educational institutions.

**Keywords:** HEI, region, value, ethnopedagogy, studying process, regional cultural materials.

**Г.З. Тажитова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Высшее образование и региональная культура**

**Аннотация.** В статье рассматриваются аспекты взаимодействия высшего образования и региональной культуры. Автор определяет место и значимость региональной культуры в современном высшем образовании, разъясняет сущность понятий «регион», «региональная культура», также определяются потребности в сфере высшего образования. Региональное образование служит основой для принятия решений по основным аспектам повседневной жизни и поэтому является неотъемлемой частью образования. Региональная культура представляется как совокупность опыта использования ресурсов, социального взаимодействия, мудрости, передаваемой из поколения в поколение в неизменном виде.

Также представлен обзор научных трудов зарубежных и отечественных ученых, посвященных культуре, региональной культуре, и изложены предпосылки темы исследования. Проведено анкетирование с обучающимися педагогических специальностей вузов с целью выявления их отношения к использованию региональных материалов в процессе изучения английского языка. На основе полученных результатов в ходе исследования даны рекомендации и сформулированы выводы по использованию региональных материалов в учебном процессе высших учебных заведений.

**Ключевые слова:** вуз, регион, ценность, этнопедагогика, учебный процесс, региональные культурные материалы.

## References

1. Nazarbayev N.A. Kazakhstan halkina zholday [Message to Kazakhstan people] [Electronic resource] – 2012. – Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (Accessed: 10.12.2020).
2. Zhanuzakova T. Kazakh tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Dike-Press, Almaty, 2008, 968 p.).
3. Lisa M., Vaughn L. Psychology and Culture. Thinking, Feeling and Behaving in a Global Context: Psychology Focus, 2010, 268 p.).
4. Vasyanovych H.P., Onyshchenko V.D. Noology of personality: educational manual (Lviv: Spolom, 2007, 217 p.)
5. Semchyshyn, M. Thousand years of the Ukrainian culture: Historical review of cultural process. (The Second hand, Kiev, 1993, 550 p.).
6. Spiridonova A.V. Regionalnaya kultura: dialektika localnogo i universalnogo [Regional culture: dialect of local and universal] dissertatsia na sosikanie kandidata nauk kultyrologi (Chita, 2007, 187 p.).
7. A.V.Lubichankovsky. Mentalnyi factory kulturnogo regionalism [Mental factors of cultural regionalism], Vestnik assotciatsii rossiiskih geographovers [Bulletin of Association of Russian geographers], 7, 161-172 (2018).
8. Uskenbayeva S.T. Kazakhstan studentterinin ethnomadeni muddelerin kaliptasturudin pedagogikalik sharttari: p.g.k. gilimy darezhesin aluga daiindalgan dissertatcia. [Pedagogical conditions for the formation of ethnocultural interests of students in Kazakhstan: dissertation for the degree of candidate of p.s.] (Barnaul, 2014, 218 p.).
10. Shalginbayeva S.X. Almaty zhane taraz kalalaryndagi kazaktardin aleumettik – madeni kelbeti men adet-gurpi, p.g.k. gilimy darezhesin aluga daiindalgan dissertatcia avtoreferaty [Socio-cultural appearance and customs of Kazakhs in Almaty and Taraz: abstract of the dissertation for the degree of c.p.s.] (Almaty, 2002, 196 p.).
11. Chirkova I.K. Vnedrenie regionalnogo komponenta v kulturologicheskoe obrazovanie studentov pedagogicheskogo vuza: dissertacia dlya poluchenia stepeni k.p.n. [Implementation of the regional component in the cultural education of students of a pedagogical university: dissertation for the degree of c.p.s.] (Yaroslavl, 1997, 205 p.).
12. Kapishev A.K. Formirovaniye i razvitiye regionalnoy visshei shkoli v Tcentralnom Kazachstane v 30-60e gody XX veka. Dissertation dlya poluchenia stepeni k.p.n. [Formation and development of regional higher education in Central Kazakhstan in the 30-60s of the XX century. Dissertation for the degree of c.p.s.] (Almaty, 2002, 197 p.).
13. Zholdasbekov A.A. Systema podgotovki turistcheskikh kadrov v regionalnich vuzah Respublikи Kazakhstan, Dissertation dlya poluchenia stepeni k.p.n. [The system of training tourist personnel in regional universities of the Republic of Kazakhstan]. Dissertation for the degree of c.p.s.] (Almaty, 2005, 271 p.).
14. Temirov K.U. Pedagogicheskie uslovia realizatsii regionalnogo komponenta ekologicheskogo obrazovanya studentov Dissertation dlya poluchenia stepeni k.p.n. [Pedagogical conditions for the implementation of the regional component of environmental education of student. Dissertation for the degree of c.p.s.] (Almaty, 2009, 153 p.).
15. Kurmanayeva D.K. Sovremenstvovanie soderzhaniya obuchenia inostrannomy yaziku studentov neyzikovich spetsialnostey na osnove regionalnogo materiala (na primere Zhezkazganskogo regiona) Dissertation dlya poluchenia stepeni k.p.n. [Improving the content of teaching a foreign language to students of non-linguistic specialties on the basis of regional material (on the example of the Zhezkazgan region). Dissertation for the degree of c.p.s.] (Bishkek, 2015, 122 p.).
16. Ermekbayeva A.T. Regionalnyi component v structure soderzhaniya predmetnoi i metodicheskoi podgotovki bakalavrov – biologov v pedagogicheskem vuze. Dissertation dlya poluchenia stepeni k.p.n. [The regional component in the structure of the content of the subject and methodological training of bachelors-biologists at a pedagogical university. Dissertation for the degree of c.p.s.] (Алматы, 2018, 148 p.).
17. Streltsova, V. J. Social adaptation of students of the Institute of culture and arts to the terms of the cultural and educational environment: The abstract of thesis of the dissertation of the candidate of pedagogical science. (Yurinkom Inter, Kyiv, 2007, 22 p.).

18. Mazurenko A.V. Pedagogical terms of formation and the development of social qualities of youth in the cultural environment of the higher school: Dissertation of the candidate of pedagogical sciences (Rostov-on-Don, 2006, 183 p.).

**Автор туралы мәлімет:**

**Тажитова Г.З.** – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Tazhitova G.Z.** – Ph.D. student of Social Pedagogy and Self-Knowledge Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Z.N. Toktarbekova

Kazakh Humanitarian and Law Innovative University, Semey, Kazakhstan  
(E-mail: zhuldyz\_2009@mail.ru)

## Theoretical model of formation conditions of corporate research culture of future education psychologist

---

**Abstract.** In developing a model for enhancement a corporate research culture of educational psychologists, we relied on the concept of "development of a corporate culture", which we interpret as the process of creating values by a higher educational institution that determine the life of the institution. It is included in the holistic pedagogical process that stimulates the subjects of education to active research activities.

Realizing the importance of the development of the corporate research culture of teachers-psychologists for the practice of education, in the model we see a subsystem in the system of training future specialists. The structure of the model involves the inclusion of the following components: the goal, objectives, content of the University, subjects of the educational process. Structural components of the educational environment: material, organizational, developmental. Technologies: means, methods, activities. Principles: methodological and general theoretical provisions.

We believe that the proposed model has a broad applied, universal character, since the corporate research culture is an internal transformation of the individual. These transformations occur throughout the entire professional activity, so the staged components of the model can find their application in the post-graduate period.

**Key words:** corporate research culture, corporate identity, the principle of cultural congruence, cultural and developing environment, multiculturalism, conceptualization, worldview module.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-191-201>

Received: 28.12.20 / Accepted: 6.05.21

---

### Introduction

The analysis of the theoretical and methodological foundations of a corporate research culture formation, the definition of mechanisms and indicators allowed us to understand its essence as a key variable in the modernization of education and the system of innovative management of activities based on common values, attitudes, norms, and efforts of all employees in achieving corporate goals.

Common values and beliefs determine the norms of behavior of subjects of educational activity of an educational institution. The teaching staff of the University is the initiator of

management technologies for the development of corporate culture of future specialists, which determines the culture of the educational institution.

In modern practice, it is impossible to achieve the effectiveness of the team's work in higher educational institutions without clear goals, tasks of stable functioning of the institution, and solving the "cultural issue". A corporate culture, controlled by a manager, delegates authority and the need for joint efforts.

In development of the model of development of a corporate research culture of educational psychologists, we relied on the concept of "development of corporate culture", which we

understand as the process of creating values by a higher educational institution that determine the life of the institution and are included in the holistic pedagogical process that stimulates the subjects of education to active research activities.

It should be noted that the formation conditions of a corporate research culture should

be aimed at the self-development of future educational psychologists, it should activate the scientific and cognitive processes that are formed by future specialists in the educational environment as a research analyst, being able to analyze and generalize scientific factors.

They should form an information literacy or culture: the ability to collect and organize information, to focus on sources on paper and electronic media. Therefore, the main indicator of the educational environment of the formation of a corporate research culture is research activity, which allows determining the activity and mobility of future specialists in the structure of professional education.

### **The main body**

Realizing the importance of the development of the corporate research culture of educational psychologists for the practice of education, in the model we can see a subsystem in the system of future specialists training. The structure of the model involves the inclusion of the following components: the goal, objectives, content of the university, subjects of the educational process. There are material, organizational, developmental structural components of the educational environment. Technologies are means, methods and activities. Principles are methodological and general theoretical provisions.

The theoretical position of modeling "Conditions for the formation of a corporate research culture of future educational psychologists" was the position of humanistic, culture congruent education, revealing the model of personal development focused on creative self-realization and the value bases of professional and personal values.

The differentiating feature of the humanistic position is attention to personality, a clear

orientation on conscious development of independent, scientific thinking, orientation of future educational psychologists in independent cognitive activity.

The corporate research culture defines the system of scientific and professional values of future educational psychologists, putting them at the center of pedagogical influences and interactions, providing a search for cultural components of normative principles of behavior, flexible attitudes, universal and professional values that determine the formation of dynamism of professional activity.

The validity of reliance on the principle of cultural conformity lies in the fact that in the process of forming a corporate research culture of any specialist, including an educational psychologist, the main leitmotif should be the awareness that the future specialist is:

- A person capable of cultural transformation and development;
- Bearer of the value of culture;
- Creator of the cultural and developmental environment.

In the foreground should be the installation that higher professional education is a professional community that builds relationships based on interaction and dialogue, where the culture of dialogue in a multicultural and multinational educational space is one of the theoretical provisions and it determines the nature of communication, the quality of joint activities aimed at achieving professional goals.

The dialogue principle, which is the basis for designing a model for managing the development of corporate research culture of educational psychologists, providing a dialogue of individual needs and common values of the team, the development of the ability to relate their values and the values of other members of the corporation, building an individual style of activity within the cultural values of the team. [1, Paxolkov N. A. Innovative strategy of the University in improving the quality of education. Paxolkov, Yu. V. Shepeleva // Innovation. 2007. No. 4. Pp. 70-73.]

Innovative and democratic transformations in Kazakhstan have caused the development

of ideas of humanization in education, which is centered on the personality of the student, where the nature of humane relations between the subjects of education is aimed at achieving common goals of education.

For the development of the desired model, the idea of multicultural corporatism is of great interest to us, which determines the direction of the model for the development of corporate research culture. Multicultural corporatism, in our case, is understood as the achievement of integration of relationships and successful interaction of members of corporate activities.

The principle of multiculturalism allows us to provide conditions for the implementation of the model of managing the development of corporate research culture in a multinational educational environment, where it is achieved through dialogue, integration, and cooperation.

Consequently, the definition of fundamental ideas and principles allowed us to understand the main characteristics of the environmental reality of university, to form its holistic image, which is necessary for an adequate assessment in the situation of making a management decision to create conditions for the formation of corporate research culture.

To identify the essential aspects, the nature of the relationship of the structure, and determine the content of the process of forming the conditions of the corporate research culture, we used modeling methods proposed by N. F. Talyzin. [2, 108 p.]

The basic idea is the model as an analog of activity.

The theoretical model developed by us is considered not only as a tool of cognition but also as an educational environment where a future specialist, in our case, a future teacher – psychologist, resides and carries the function of forming a corporate research culture. It is a factor in setting the value of professional qualities. This is confirmed by the fact that the educational environment of an educational institution is directly related to the subjects of the educational process.

The condition for the formation of the corporate research culture of the future educational

psychologist acts not only as a result and the academic environment, as well as its prerequisite for development, and as a necessary basis for the development of the research ability of everyone and aims to set up corporate scientific activities in accordance with their free intention [3, 219 p.].

The fundamental leitmotif for creating the model is the opinion of V. G. Razumovsky, who notes that a corporate research culture is not only the possession of culture but also activities that require continuous improvement of scientific, subject, and methodological training [4, P. 7-13].


The purpose of creating conditions for the formation of the corporate research culture of the future educational psychologist is an integral, dynamic, structural-level personal education, which determines the ability to master corporate research activities.

The leading mechanisms of the conditions are the inclusion of the future specialist in educational, professional, and corporate scientific activities, placing him/her in the position of the subject of scientific activity and reflection of this activity.

Our task is not to completely “translate into the language of another culture”, i.e., the culture of another person. The fundamental culture is the general culture of the student him/herself. Each future educational psychologist acts based on personal, individual experience accumulated in the process of learning, educational and professional activities. In this case, we abandon the simple accumulation of knowledge, our task is to merge with the help of reflection and personal experience of the student him/herself, putting the future researcher, not in a ready-made form, but finding a form with certain content. The fusion of theory with experience makes knowledge be individual, focuses on a personal approach, creates certain forms, means, and conditions for transformation and translation.

The main conceptual idea is to create an educational environment aimed at the self-development of future educational psychologists, activation of cognitive processes as a researcher-analyst, being able to analyze and generalize scientific factors. The formation of corporate research culture is the ability to integrate into

## Modal of conditions for the formation of corporate research culture of future psychologists



collective activities and use various sources. The value characteristics are the goals of corporate professional scientific activity, its structure, the range of problems to be solved, and the performance of professional functions by it.

In the following table, we tried to describe the formation conditions of a corporate research culture: Modal of conditions for the formation of the corporate research culture of future psychologists (Fig.1).

When developing a theoretical model of the formation of corporate research activity in future educational psychologists, the following key structural components are identified: target, technological, and performance evaluative. Each component is a projection of the corresponding activity of the teacher-psychologist to master the culture we are looking for.

The target component is aimed at preparing future educational psychologists for corporate research activities, at implementing professional motivation, and forming a corporate research culture in the educational space of the university and its prospective significance in professional activities. There is a formation of holistic scientific and pedagogical knowledge that performs a guiding, motivating function. A conscious goal in the activity of an educational researcher determines the choice of methods, actions, and acts as a means of management, reconciliation of the results of actions with forecasting. It also sets emotional attitudes towards knowledge of the psychological and pedagogical cycle, creative attitudes that involve the formation of creative and creative motives. Implementation of the target component of the model of the formation conditions of corporate research culture is possible under the condition of development of motivation of achievement in the process of creation of integral pedagogical knowledge as a product of professional cognitive and scientific activity.

It should be noted that research activities in their content should be aimed at the formation of future educational psychologists of corporate research culture, which forms a system of self-development of the teacher, where the following structure of scientific knowledge is distinguished:

knowledge of scientific professional problems; knowledge of ways to solve scientific problems; ability to apply scientific knowledge.

The content is value motivational, professional and pedagogical, axiological integrity of the future education psychologist, the position of co-creator (co-author), cognitive and effective relation to the purposes of education and scientific research and education, the willingness to translate generalized goals into specific objectives, implementing the research, finding the best way of a technological embodiment of their objectives.

The values and results of corporate research culture are mastered in the process of interaction between culture and activity. A prerequisite for the analysis and solution of educational and professional problems is the use of new methods and forms of organization for mastering knowledge, skills, and abilities of research activities. Forming the activity of thinking and cognitive processes, corporate research culture contributes to the development of its creative projects, activates research functions.

When creating the theoretical model we studied the work of scientists of near and far abroad: studies on psycho-pedagogical problems of scientific-research activity of students L.I. Aksenov, V.I. Andreev, S.I. Arkhangelsk, Y.K. Babanskiy, V.V. Davydov, etc.; research on the practice of organizing scientific-research and educational-research work of students E.P. Elyutin, I. Lerner, P. I. Pitkasilta, V.A. Slastenina, etc.; the problem of formation of research skills of students during

In the works of these authors, research culture was considered as a complex process in its organization, involving the activity of all its participants and the mobilization of special skills in the structure of professional education.

In the process of substantiating the value bases, we were guided by the following methodological approaches: cultural, value-based, activity-based, system-related, competent, synergetic, process-based, resource-based, etc.

In our work we have explained in detail the methodological approaches, to avoid unnecessary descriptiveness, we will briefly focus on some approaches.

### Cultural approach

The validity of this approach is explained by the fact that pedagogical culture acts as a result of the pedagogical freedom of the individual, and its prerequisite is the basis for the development of the ability of an individual.

The value-based and resource-based approaches are justified by the fact that the future educational psychologist as a specialist is the value and resource basis of the society. The professional and pedagogical activity itself is considered as a value, and the possession of the corporate spirit, integration, motivation in the overall result is the creative goal of modern society.

